Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті орналасады.

Мердігер мекеме — «Ернур Строй и К» ЖШС. Тапсырыс беріліп — Түркістан облысының құрылыс басқармасы. Жаңа гимараттың құрылысы 2023 жылы басталған. Биыл пайдалануға беріледі деп күтілуде. Бүгінде құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. 2023 жылғы лимиті. Қазіргі таңда құрылыс-монтаждау жұмыстары 10%-ға аяқталған. Нысанға 46 адам, 9 техника тартылған.

ШЫМКЕНТТЕ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК БАҒЫТТАРЫ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛДЫ

Жүргізілген зерделеу жұмыстары нәтижесінде тұрғындардың сұранысы сәйкес, тұрақты №61, №143 және №180 бағыттарына 1 наурыздан бастап өзгерістер енгізілді.

Жолаушылардың өтініші бойынша №61 бағыт Нұршауақ тұрғын алабы аумағынан №6 емханаға дейін ұзартылды. Бағыттағы автобустар жолаушыларды №136 мекенге де тасымалдайды.

Ал, №143 автобус маршруты ұзақтан қатнағанын жұмысшылардың өтініші бойынша «Жұлдыз» индустриялы аймағына дейін ұзартылды. Сонымен қатар, №180 автобустар бағыты Көкбұлақ тұрғын алабының ішкі бөлігіне дейін созылды. Жалпы, тұрақты №171, №171 «А» бағыттарына қосымша кестелер қосылды. №66 және №67 бағыттарына ақпан айынан бастап өзгерістер енгізілген болатын.

Бетті дайындаған: Асиятхан БЕСҚАҒАТ

КӨКТЕМГІ НАУҚАНДА 1 МЫҢҒА ЖҰЫҚ АЗАМАТ ЭСКЕР ҚАТАРЫНА ШАҚЫРЫЛАДЫ

Мегаполис басшысы аудан өкімдеріне қала тазалығы бойынша тиісті тапсырмалар беріп, Наурыз мерекесіне дайындық барысын пысықтады. Сондай-ақ көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқанына дайындық туралы баяндалды.

Шымкент қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы Әбдіғабит Шегебаевтың айтуынша, 2023 жылы 1856 азамат мерзімді әскери қызметке шақырылып, жоспар 104%-орындалған. Ал көктемгі науқанда 948 азаматты әскер қатарына шақыру көзделуде.

Мәжіліс барысында қалалық Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының м.у.а Талғат Мекамбаев атқарылған жұмыстар мен жоспарларын бөлісті.

Оның сөзінше, өткен жылы қалада ауыл шаруашылық саласына 16 млрд теңгеге инвестиция тартылып, жалпы өнім көлемі (80,1 мың тонна) 52,4 млрд теңгеге құрады. Бүгінде мегаполис аумағында 15,2 мың тонна өнім жиналатын 139 гектар жылжымай кешендері орналасқан. Биыл бұл салада 14 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Шымкент қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Нұрасыл Түлеев баяндама оқыды.

Нұрасыл Айдарханұлының мәліметінше, өткен жылы жеке және заңды тұлғалардың 4109 өтініші қаралып, қанағаттандырылған.

30 жылдан астам уақыт көк аспанда қалықтаған Бексейітов Көпжасар Залмаханбетұлы әуеде көлік басқарудың хас шебері. Өз тағдырын авиация саласымен байланыстырған бірінші дәрежелі ұшқыш дүниежүзін аралаған. Жолаушының өміріне жауапты болып ұшақты басқару екінің бірінші қолынан келмейтін ерлік. Жүректі азамат ұшқыштың қиындығы мен қызығы туралы шер тарқатты.

– Ұшқыш болу менің бала кездегі арманым болатын. Тіпті сол арманым үшін өкме білім ұядағы ұстаздардан сөз естіген. Өйткені қиялға берілген мен парталарға ұшақтардың суретін салып, мектептің мүлкін бүлдіретінмін. Ақыры сол арманымға жеттім. Көк аспанда қалықтап жүріп дүниеге араладым. Тіпті сонысы болып жатқан шет мемлекеттерге өте жауапты жүктерді тасымалдап, үнісі жасалған талай ерліктерге бардым. Мәселен, Шешенстан елінде бір кезеңдері болған соғыс кезінде Қазақстанның гуманитарлық

көмекті тасыма-малдап, өмірімізге қауіп төнсе де қиындықты еңсердік. Сол оқиғалар әлі де менің түсіме кіріп, кейде шошып оянам — деп өзінің өмірінде орын алған естеліктер мен ерліктерді еске алды. Ардагер-ұшқыш Бексейітов Көпжасар Залмаханбетұлы 1954 жылдың 19-ақпаны күні дүниеге келген. Арыс қаласының тумасы авиация мамандығы бойынша білімін Санкт-Петербург қаласында жетілдірген. Шымкент өуесжайында еңбек жолын бастап, ең алғаш АН-2 ұшағын бағындырған. Жолаушы және жүк тасымал-



дап, өте маңызды талай тапсырмаларды орындапты. Ғұмырында 11 750 сағат көк аспанда қалықтаған ұшқыштың арман орындалған бақытты жанмын деп ой түйді.

– Ұшқышқа ұшулан қону қиын. Үкіметтің ең жауапты жүктерін шет елдерге тасымалдаған кездері жанымызды шүберекке түйіп отыратын едік. Аманатқа қинап жасалмаса екен деген ой той. Егер өмірге қайта келіп, мамандық тандау мүмкіндігі берілсе онда ойланбастан ұшқыш мамандығын таңдап едім. Көкте қалықтап ұшып жүріп төменге көз тастасаңыз биік-биік тауларды көресіз. Сол сөтті қандай ғажайып сезім екенін білсеңіз той!.. Бала кезімде жи-

налған шөптің үстінде жатып аспанға қарап армандайтынмын. Төбеде ұшып жатқан ұшақтарды көріп көңілім көтерілетін, дейді.

1973 жылдан бастап 2005 жылға дейін ұшақта отырған Көпжасар Бексейітов Азаматтық авиация ардагерлері кеңесінің мүшесі. Салмақты, сабырлы мінезі бар азамат атақ-абройға талпынбапты. Дегенмен қиын, жауапкершілігі мол азаматтық авиация саласында атқарған еңбегінің жемісін көріп жүр. Кезінде өуе кеңістігін бағындырған жан бүгінде бағбандықпен айналысады. «Өке көрген оқ жоңар» деген осы болуы керек. Өйткені Көпжасар Залмаханбетұлының өкесі де жеміс-жидектерді өсіріп, күтін-бағудың хас шебері болған деседі. Қиыр, қызанақ және түрлі жемістің ағашы, лимонды баптап жайқалтып жатыр. Мемлекетке қол жайып отырған жоқ, керісінше салық төлеп, отандық өнімді өсіруге үлес



қосып отыр. Өмірлік серігі Сафура Қажығашпарқызы да күні бойы тыным таппайды. Бақтарындағы түрлі гүлдерге күтім жасайды. Маңдай терін төгіп, адал еңбектерінің жемісін көріп отырған отағасы мен отанасы ұл-қыздарын да еңбекқорлыққа баулыған.

Өмірі шыртырманға толы ұшқыш ардагер биыл 70 жасты бағындырды! Ұзақ жыл авиация саласында еңбектесіп, жеке кәсіпті дөңгелетіп отырған Бексейітовтер «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы. 6 қыз 1 ұлт тәрбиеленген Көпжасар Залмаханбетұлының аңат ұстары өте жолын құтып, ұшқыш мамандығын игерген. Немеренің ортасында қызыққа тоймай жүрген үлгілі жанұға бақыт тілейміз...

Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ SKILLS ENBEK ПЛАТФОРМАСЫНА ЖАҢА 44 ТЕГІН КУРС ҚОСЫЛДЫ

2024 жылдың басынан бастап КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен Skills Enbek платформасында қазақ және орыс тілдеріндегі тегін курстардың мазмұны кеңейтілді. Әртүрлі қызмет салалары мен дағдылары бойынша барлығы 44 жаңа курс қосылды.

Өрт сүртудің ұзақтығы 36 сағаттан асады. Оны оқыту белгілі бір кәсіптік салада белгілі бір дағдыларды немесе қосымша құзыреттерді алуға мүмкіндік береді.

Осылайша, құрылыс және өндіріс саласында «Жылу желілерінің жабдықтырына, құбырлары мен арматураларына қызмет көрсету және жөндеу», «Сүмен жабдықтау және су бұру желілері мен құрылыстарын пайдалану», «Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары», «Дәнекерлеу өндірісінің негіздері», «Токарлық өңдеу негіздері» сияқты курстар қосылды.

Жеке қызметтер мен тамақтану бойынша қосымша курстар пайда болды: «Тігуді басынан бастап үйреніңіз!», «Қызмет көрсету саласындағы өкімші», «Шапшаң өнері», «Аспаз», «Наубайхана негіздері», «Кондитерлік шеберхана», «Жүздектігі бар адамдарға күтім жасағын қызметкер» курсы бар.

Сондай-ақ, «Тіімді коммуникациялар және командалық жұмыс», «Сыни ойлау негіздері», «Уақыты басқару және басымдық беру», «Диалог ойлау», «Бизнес-процестерді басқару», «Бизнесігі коммуникация мәдениеті», «Agile принципі бойынша жо-

баларды басқару», «Маркетингтің талдау (консалтинг)», «Microsoft Office-пен жұмыс» және «Экологиялық ойлау дағдыларын қалыптастыру» сияқты өр мамандық үшін бірдей маңызды «ікемді» дағдыларға бағытталған курстар бар.

Курстар өткенін растайтын сертификат Enbek.kz жұмысқа орналастыру порталында алынған барлық дағдыларды көрсете отырып, түйіндемеде автоматты түрде көрсетіледі. Курстарда Google Play және App Store-дан жүктеп алуға болатын Enbek мобильді қосымшасында қол жетімді.

Естеріңізге сала кетейік, Skills Enbek платформасы — бұл Яндексе Қазақстан, Astana Hub, Courstore, Fluent Education және т.б. сияқты жетекші білім беру алаңдарымен интеграцияның арқасында курстардың үлкен тандауы бар дайын орын.

Soyle.kz мемлекеттік тілді оқыту порталын құрған Мемлекеттік тіл қоры тағы бір серіктес болып табылады. Қазір Skills Enbek платформасында «Как выучить казахский язык с нуля» промо-курсы қолжетімді.

Бүгінгі күні осы платформада әртүрлі бағыттар бойынша барлығы 477 курс орналастырылған, оның ішінде 243-і тегін. Тіркеген пайдаланушылар саны 380 мың адамға жетті.

Платформада тіркелу және жұмыс істеуге қатысты барлық сұрақтар бойынша «ЕРДО» АҚ жауапты қызметкерлерімен байланысуға сұраймыз: 8 (7172) 95 43 17 (ішкі. 877, 878, 888).

Елорда.

ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қалаларды абаттандыру және көгалдандыру шаралары қаралды.

неркәсіп және құрылыс вице-министрі Азамат Бейсебеков Мемлекет басшының тапсырмасы бойынша дұрыс жүйеленген құрылысты енгізу және тартымды, жайлы қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру бойынша нұсқаулық болатын «Қалаларды кеңейтіп салу стандарты» әзірленгенін айтты.

Ол қалалар аумағын егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларында пайдалану үшін барлық жергілікті атқарушы органдарға жіберілді. Бұл ретте ауытқуларды болдырмау үшін 2024 жылғы қаңтардан бастап бірінші қала құрылыс сараптамасы енгізілді. Ол жоспарлау кезеңінде сәулет-құрылыс нормаларының бұзылуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қалаларды абаттандыру мақсатында Жол картасының үлгілік нысаны әзірленді. Ол да тиісті шараларды жоспарлау және қабылдау үшін өкімдіктерге жіберілді. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы жұмыс жүріп жатыр.

Отырыс барысында Астана өкімі Жеңіс Қасымбек жаңа ішінде саябақтар мен скверлерді, Ақтөбе облысының өкімі Асхат Шахаров Ақтөбедегі «Батыс-2» шағын ауданында жүргізілген жұмыстар және тиісті жол картасын іске асыру жоспарлары туралы айтып берді.

Премьер-Министрдің айтуынша, абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары қала тұрғындарының өмір сүру жағдайын жақсартумен қатар, туристік саланы дамытуға да ерекше серіпін береді. Бұл ретте ол азаматтардың өлі де болса тротуарлар мен жарықтың жоқтығын, жасыл желектің

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ҚАЛАНЫ КӨГАЛДАНДЫРУ МЕН АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН СЫНҒА АЛДЫ

аздығын айтып, жиі шағымданып отыратын тоқталды.

«Өкімдіктер тарапынан жүйелі жұмыстың болмауы — абаттандыру мен көгалдандырудың негізгі проблемасы. Ағаштар мен өсімдіктер отырғызылады, бірақ кейін ешқандай күтім жасалмайды. Көпшілік жиналатын қоғамдық орындар мен үй маңындағы аумақтардың ұсынысыз жағдайы үлкен проблемаға айналған. Саябақтар мен скверлер көбінесе несіз қалғандай күй кешеді. Оларды жыл сайын жаңартып отыру, көркейтуді жұмыстары жүргізілмейді. Кейде тіпті саябақтарда объектілер салу фактілері де кездеседі», — деді Олжас Бектенов.

Оған қоса Үкімет басшысы халықтың осындай күнделікті мәселелерді шешуде үлкен белсенділік танытып отырғанын айтты. Мысалы, қоғам белсенділерінің арқасында елордада бірқатар жерде салынуы тиіс объектілердің орнына скверлер мен демалыс орындары пайда болды. Атап айтқанда, Нәжімеденов көшесінің бойындағы 18 қабатты ғимараттың орнына сквер салу туралы шешім қабылданды. Мыңжылдық алдымен Астанадағы жаңа тартымды орталыққа айналды.

«Өкімдік елордада демалуға арналған жайлы аймақтар құру, көгалдандырудың кеңейтіп жүйесін іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыруы қажет. Бұл қаланың ірі тұрғын аудандарының «жана тынысын» алуға мүмкіндік береді», — деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысының айтуынша, осыған ұқсас жағдай Алматы қаласында да қалыптасып отыр. Мұнда қала тұрғындары үшін қолайлы орта жасау жұмыстары белсенді

жүзде. Мысалы, Байсейітова көшесіндегі қараусыз қалған аумақ саябаққа айналды.

«Биыл өкімдік жаңадан 3 саябақты пайдалануға беріп, 3 саябақты күрделі жөндеуге тиіс. Тұрғындар орынсыз құрылыс салуға, қаланың тарихи аудандарында тығыз құрылыс жұмыстарын жүргізуге және ағаштарды кесуге тыйым түрде қарсы шығып жатқаны мәлім. Қала тұрғындарының пікірін ескерген абзал», — деді Премьер-Министр.

Жалпы Үкімет басшысы мұндай мәселелердің еліміздің барлық қаласында жиі көтерілетінін айтты. Олжас Бектеновтің айтуынша, қала аумақтарын дамыту мен онда құрылыс салу бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылуы керек.

«Өкімдіктер қала орталығын ғана абаттандырумен шектелмей, шеткі аумақтарды да назардан тыс қалдырмауға тиіс. Кейбір скверлерге немесе қоғамдық орындарға «қамқорлық жасау» үшін бизнес пен ірі кәсіпорындарды тартуға болады. Шағын бизнеске іргелес жатқан аумақты күтіп-ұстауды жақсы дәстүрге айналдыруы керек», — деді Премьер-Министр.

Айтылғандарды ескере отырып, Олжас Бектенов өңірлер өкімдеріне тиісті Жол карталарының толық және сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«Қалалардың өмір сүруге қолайлы әрі жайлы болуы маңызды. Шығандықтар жол карталарымен шектеліп қалмай, тұндалған проблемаларды шұғыл шешіп, халықтың пікіріне құлақ асқаны жөн», — деп ол **Preminister.kz**

Мейірімді, рахымды Алланың атымен бастаймын!

Барлық мақтау мен мадақ Әлемдердің Раббысы Алла Тағалаға болсын! Жыл бойы күткен қасиетті Рамазан айына жеткенімізге жаратқан Иемізге сансыз шүкірлік етеміз.

Рамазан — араб сөзі, түбірі «рамазу» — «өте ыстық» деген мағынаны білдіреді. Ғұламалар мұны: «Рамазан айында ораза ұстаған пенденің бойына біткен кішігірім күнә-кемшіліктері күйіп кетеді», — деп түсіндіреді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) ораза туралы өз хадистерінің бірінде: «Кім Рамазан оразасын иман және сауап үмітімен ұстаса, оның өткен күнәлары кешіріледі», — дейді. Сондықтан Рамазан айы күнәлар кешірілетін ай деп айтуымызға толық негіз бар.

Рамазан — барша мұсылмандардың сағына күтетін қасиетті Құран Көрім аяттары түсе бастаған мұбарақ ай. Бұл ай барша адамзат баласына рахметті ала келеді. Осы айда ораза тұту парызы етілді. Рамазан айының фазилаты жайында Құран аяттары мен пайғамбарымыз Мұхаммед саллаллаһу алайһи уәсәлләһиәһиәһи хадистері бар.

Құран Көрімде: «Ей, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей тақуалыққа жетулерің үшін ораза ұстау сендерге де парыз етілді» делінсе, тағы бір аятта: «Сендердің ара-ларында кімде кім рамазан айының тұтанын көрсе, сол күні ораза ұстасын. Сырқат немесе жолаушыларға ораза айында ұстай аламаған күндерін басқа күндері ұстасын» (Бакара сүресі, 183-185 аяттар) делінген.

Рамазан - айлардың сұлтаны. Бұл айда барша мұсылман бір ай бойы ораза тұтады. Яғни, таң сәресінен күн батқанша ішіп-жеуден, жыныстық қатынаста барудан, түрлі жаманшылық атаулыдан өзін пек ұстап, күнә істерді тоқтатады.

Ораза ұстаған адам Күдайға жақын болады. Сабарлық, мейірімділік, қанағаттылық сияқты қасиеттерге бой ұсынады.

Бұл айдың көреметтері жөнінде пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.): «Кімде кім ораза ұстаса және Алла разылығы үшін шын ықыласпен мақтанбай тарауих намазын оқыса, Алла тағала оның тіршіліктің күнәларын кешіреді және не тілеген болса тілектері қайтарылмағанды» деген.

«Ораза» сөзінің мағынасы Араб тілінде оразаны (ас-соум) деп атайды. «Ораза» сөзі тіл саласында «бір ес немесе өзден тыйылу» деген ұғымды білдіреді.

«Ораза» сөзінің шариги мағынасына келер болсақ, ол: құлшылық ниетімен таң атқаннан күн батқанға дейін ішіп-жеуден және жыныстық қатынастан тыйылу.

Оразаның негізгі шарттары: а) Әуелі рамазан айының оразасын тұтату ниет етіледі; Ниеті: «Ниет еттім қасиетті Рамазан айында ораза тұтуға, Алла Тағала қабыл етсін, Әмин!» делінеді.

ә) Таң сәресінен күн батқанша оразаны бұзатын нәрселерден сақтану. Рамазан айының айырықша белгілері:

а) Рамазан айында тозақтың есігі жабылып, жәннаттың қақпалары ашылады;

ә) Бұл айда ораза ұстау — пенденің өткен күнәларының кешірілуіне себепші болады;

б) Аллаһ тағала оразашының барлық ізгі ниеті мен тілегін қайтармайды.

Оразаның пайдасы:

в) Ораза ұстаушы Құдайшыл болады. Яғни Алла Тағаланы таниды;

г) зін қиыншылықтарға төзуге және шыдамды болуға үйретеді;

Оразашының ЕКІ ҚУАНЫШЫ БАР

д) Алп-жалаңаш жүрген бейшараның көрген күнін бірге тартады;
е) Өзіндегі шайтанның жолын тарылтады;
ж) Оразаның денсаулыққа пайдасы мол.

ОРАЗАНЫ НЕ БҰЗБАЙДЫ?

- Ұмытып ішіп-жеу оразаны бұзбайды. Бірақ ұмытқан адам есіне түскен кезде жеуді дереу тоқтатуы керек;
- Ұйқыдан жүніп болып ояну;
- Өйелін сую немесе денесіне қолын тигізу. Мұндай жағдайларда егер мәні шықпаса, ораза бұзылмайды;
- Өйеліне қолын тигізбесе де оған қараудан немесе шөлуетын қоздыратын жағдайларды ойлап мәні шықса;

- Түнде жүніп болып, ғұсыл алуды сәресі уақытынан кейінге қалдыру;
- Аузына келген қақырықты жұту;
- Түкірік немесе мұрынды тарту арқылы бір нәрсені тамаққа кетуі;
- Құлаққа су кіру, бұлық ағу;
- Темекі түтіні немесе топырақ, шаң, ұнның тозаңы, қардың ұшқыны, жауынның тамшылары тамаққа еріксіз кірсе, ораза бұзылмайды;

- Тістердің арасында қалған тамақ қалдықтары нокаттан кішкене болса, оны жұту оразаны бұзбайды;
- Еріксіз ауыз толы құсу немесе оның ішке қайта кетуі оразаны бұзбайды;
- Қан алдыру немесе сүлік салдыру;
- Көзге, құлаққа дәрі тамызу;

- Мисуак немесе тіс пастасын қолдану оразаны бұзбайды. Бірақ пастасы ішке кетіп қалса бұзылады. Ең абзалы таң намазы кірмей тұрып тістерді жуу;

- Тіс жұлдыру оразаға кедергі жасамайды. Бірақ жұлдырған уақытта ауыздағы қанды яки дәріні жұтпау шарт;

- Ауыз бен мұрынта су алып шайқау оразаны бұзбайды. Бірақ тамаққа кетпеуін қадағалау қажет;

- Душқа жуыну, теңізге, көлге түсу оразаны бұзбайды. Бірақ су жұтып қоюдан сақтануы керек.

Ескерту: Білмей тамақ жеп қойған болса, оның оразасы ашылып кетпейді, яғни оразасын одан өрі жалғастырып тұта береді. Хадисте: «Кім де кім ораза екенін білместен ішіп-жеп қойса, Алла оның тамақтандырған болады» делінген.

ОРАЗАНЫ НЕ БҰЗАЙДЫ?

- Әдейі бір нәрсені жеп-ішу;
- Темекі шегу, насыбай ату, дәрі ішу, құрамында нәрлі заттары бар укол қабылдау;

- Аузындағы жаңбыр тамшыларын әдейі жұту; Бұл жайлы мына хадисте айтылған: «Ораза кірген нәрселерден ғана бұзылады, шыққаннан емес».

- Өйелімен жақындасу (яғни, таң намазынан ақшам намазына дейін жақындасу оразаны бұзады);

- Себебісіз корек немесе коректік қасиеті бар барлық заттарды біле тұра әдейілеп жеу оразаны бұзады;
Мұндай жағдайларда каффарат оразасын ұстау қажет.

(Каффарат деп — рамазан айының оразасын себепсізден-себепсіз біле тұра бұзып жіберсе, екі ай ораза ұстауды, оған шамасы келмесе алпыс кедейді тамақтандырып, тойғызуды айтады).

ОРАЗАНЫ КІМДЕРГЕ ҰСТАМАУҒА РҰҚСАТ?

- Жолаушылық;
(сапарда ауыз бекітпеуге болады, бірақ басқа күндерде санын толтырып ораза ұстайды).
- Жүктілік пен бала емізу;



(егер денсаулығы мен баласына зиян келуден қорықса ораза ұстамай кейін қазасын етесе болады).

- Ауру-сырқау;
(сенімді дәрігер ораза денсаулығына зиян тигізетінін жан-жақты анықтап барып айтса, жазылған соң ұстауға болмайды).

- Көрлік;
(қартайып оразаны денсаулығы көтермейтін кісілер бір кедейдің таңғы және кешкі асын беріп тойдырады. Оған шамасы келмесе тәубе етеді).

Өйел кісілерге байланысты төртіптер:
а) Өйел кісіге етеккірден тазарып болмай ораза тұтуына болмайды. т-кен күндерін Рамазан айы өткеннен соң өтеп береді.

ә) Аяғы ауыр немесе емізулі баласы бар өйел, егер өзіне немесе баласына зиян келер деп қорықса аузын ашпата қылса, Бірақ кейін мезгілін тауып ұстайды. Олар оразаның орнына аш адамды тойдырудан азат етілген.

ҚАДІР ТҮНІНІҢ ҚАСИЕТІ

Айлардың сұлтаны Рамазан айы болса, түндердің сұлтаны Қадыр түні. Араб тіліндегі «қадір» сөзі «мән-маңыз», «өлшем» деген мағыналарды білдіреді. Сонымен қатар, «құдырет» мағынасын қамтиды. Жалпы, мұсылман әлемінде қасиетті кештер мен ай-тулы күндер жетерліктей бар. Соның ішінде ең маңыздысы өрі бірегейі - қасиетті Рамазан айындағы Қадыр кеші.

Бұл түн — адамзаттың ақ пен қараны айыратын түні және де барлық жақсылық атаулының бастау қайнары көзі болып саналатын мұбарак Құран Көрім аяттары түсе бастаған түн.

Қадыр кеші жөнінде пайғамбарымыз Мұхаммед саллаллаһу алайһи уәсәлләһиәһи хадистері былай деген: «Басқа уақыттарда әрбір жақсылықтың сауабы он есе болса, Ережелі айында жүзден асады. Шағбанда үш жүзден асып, Рамазанда мың есеге артады, жұма түндері мың еседен асып, Қадыр түнінде отыз мыңға дейін жетеді», және де «Кім қадыр түнін сенімімен, артының қайырлы болатынынан үміт артып өткізсе, оның бұрынғы барлық күнәсі кешіріледі».

Қадыр түні Рамазан айының соңғы онкүндігінің бірінде өтеді. Ислам ғұламаларының пәтуасы бойынша Қадыр кеші рамазан айының 26-нан 27 қараған түні деп белгіленген. Осы кеште барлық періштелер жер бетіне ізгі амалдар үшін жіберіледі. Бұл кеш - жасаған әрбір ізгі амалдар мен құлшылықтардың, қайырымды істердің сауабы мың еселеп жазылатын түн.

ТАРАУИХ НАМАЗЫ

Тарауих намазы ер мен өйелге бірдей сүннет мүекқада саналады. Тарауих намазы — мұбарак Рамазан айының маңызды гиадаттарының бірі. Пай-

гамбарымыз (с.а.с.): «Кім рамазан айында тарауих намазын шын ықыласпен оқыса, оның өткен күнәлары кешіріледі», — деген. Тарауих намазы Рамазан айы бойы құптан намазынан кейін үтір намазынан бұрын оқылады. Тарауих намазы жиырма рәкаттан тұрады, екі рәкаттан он рет ниет жасап оқиды. Тарауих намазын мешітте жамағатпен оқу абзал. Бірақ, үйде немесе басқа жерде жалғыз оқыса да болады. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз хазреті Мұхаммед (с.а.с.): «Үш адамның дұғасын Алла тағала кері қайтармайды. Ата-ананың перзенті үшін жасаған дұғасы. Ораза ұстаған адамның және жолаушының тілегі», — дейді.

ҚҰРАН ОҚЫҒАННЫҢ САУАБЫ

Алла Тағала айтқан: «Рамазан айында жер бетіне Құран түсірілген. Құран Көрім кітабы адам адамдарға дұрыс жолды көрсету және ақ пен қараны айыру үшін жіберілген. Осы айда Құран оқып, ораза ұстасақ оның сауабы қиямет күні тозақ отынан арашалап шығады. Хадисте: «Ораза мен Құран пендеге қиямет күні араша түседі. Ораза айтады: «Ей, Жаратқан. Мен оны күндіз ішіп-жеуден тыйып едім. Сонда Құран айтады: «Ия, Раббым. Мен оны түнде ұйқыдан қалдырып едім. Енді мен оны қорғаймын». Олардың арашасы қабылданады». Жалпы, рамазан айында Құран, хадис кітаптарын оқып жүргеннің сауабы шексіз.

РАМАЗАН — МЫРЗАЛЫҚ ПЕН МЕЙІРБАН АЙЫ

Хадисте: «Кімде кім оразашыға қам-қорлық етіп, ауыз аштырса, сол оразашы алғандай сауапты бұл да алады. Оның сауабынан еш нәрсе де кемімейді» делінген. Бұл айда ер адам өзінің қал жағдайына қарап тұрмысы төмен азаматтарға қол ұшын берсе сауабы мол.

АУЫЗАШАР ЖӘНЕ СӘРЭСІН ІШУ МӘСЕЛЕСІ

«Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Үш нәрсе пайғамбарлық әдетке жатады. Ол: ауыз ашуды кешіктірмеу, сәресіні кешіктіру және намазда оң қолды сол қолдың үстіне қою» және «Алла Тағала және оның періштелері сәресі ішкендерге игілік тілейді» және бір хадисте «Сәресіні ішіңдер! Іткені сәресіде береке бар» деген.

Оразашының екі қуанышы бар, бірі кешкісін ауыз ашарда, екіншісі Жаратқан Алла Тағаланың алдында тұрған сөтте. Алла Тағала айтады: «Адамзат не істесе де өзінің, бірақ оразадан басқасы, ораза менікі. Мен оның еесін өзім беремін. Ол Мен үшін ішіп-жеуін, нәпсісін тыйды гой» деген. Алла Тағала қиямет күні оразашыны жәннаттың арнаулы қақпасына кіруге шақырады. Хадисте: «Жәннатта сегіз есік бар. Оның бір есігінің аты — Райан. Қиямет күнінде ол есіктен тек ораза ұстағандар ғана кіреді. «Ораза ұстағандар кірсін», — дегенде, олар есіктен кіргізіледі. Сонынан есік жабылады. Олардан кейін ол есіктен ешкім кіргізілмейді», — деген.

Қадірлі ағайын! Қасиетті Рамазан айы құтты болсын! Ұстаған оразаларыңыз, дұға-тілектеріңіз қабыл болғай! Рамазан айында жасаған игі істеріңіз сауаптан жазылып, Алла Тағала елімізге, жерімізге берекесін, мол ризығын жаудыргай! Мұратымыз асыл, дұғамыз қабыл болсын!

Мұхамеджан ЕСТЕМИРОВ,

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Шымкент қаласы бас имам орынбасары, дінтанушы-магистр

ҚАҢТАР АЙЫНДА ЕЛІМІЗГЕ 640 ТОННАҒА ЖУЫҚ ГҮЛ АҒАҚЫН



ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінде сырт елдерден гүлдерді әкелуге байланысты қызықты деректермен бөлісті.

2024 жылдың қаңтар айында Қазақстанға салмағы 639,7 тонна гүл немесе 12,1 млн. дана гүл талы әкелінген, оның құны 5 млн. АҚШ долларына тең (2022 жылдың қаңтар айында салмағы 526,8 тонна гүл немесе 10,2 млн. дана гүл талы әкелінген, оның құны 3,9 млн. АҚШ долларына тең).

Сұранысы ең жоғары — раушан гүлдері: салмағы 411,2 тонна немесе

9,3 миллион дана гүл талы әкелінген, оның құны — 3,4 миллион АҚШ долларына жуық.

Екінші орында — хризантема-лар (салмағы — 71,9 тонна немесе 1,1 млн. дана гүл талы, құны 553,8 мың. АҚШ доллары), үшінші орында — далагүл (салмағы — 15,2 тонна немесе 220,2 мың дана гүл талы, құны 104,2 мың АҚШ доллары).

Сонымен қатар, қалампыр да жоғары сұранысқа ие, оны 9,3 тонна салмағымен 68,2 мың АҚШ долларына әкелген. Басқа да жана кесілген гүлдер (қызғалдақ, hydrangeas, линолиум, гипсофила, финикс, ирис, гортезия және басқа да экзотикалық гүлдер) салмағы 132,1 тонна, құны 808,6 мың. АҚШ долларына әкелінген.

Ағымдағы жылы гүлдер негізінен Эквадор (404,2 тонна), Нидерланды (105,4 тонна), Колумбия (49,3 тонна), Кытай (16,3 тонна), Кения (44,8 тонна), збекстан (9,2 тонна), және Израиль (2,7 тонна) елдерінен әкелінген.

Сондай-ақ өткен 2023 жылы ең көп әкелінген раушан гүлдері салмағы

5 мың тонна 111,0 млн. дана гүл талы, құны 39,9 млн. АҚШ доллары, хризантема гүлі (салмағы — 1,0 мың тонна немесе 15,8 млн. дана гүл талы, құны 7,5 млн. АҚШ доллары), далагүлі де (салмағы — 220,7 тонна немесе 3,3 млн дана гүл талы, құны 1 493,7 мың АҚШ доллары) жоғары сұраныста болған.

2023 жылдың Қазақстанға барлығы салмағы 8,5 мың тонна гүл 60,1 млн. АҚШ долларына тең гүлдер импортталған. 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы гүлдер салмағы 1,4 мың тоннаға 13,1 млн. АҚШ долларына өскен.

ткен 2023 жылы қазақстандық раушан гүлдері збекстанда сұранысқа ие болып, барлығы 27,1 тонна, құны 40,4 мың АҚШ долларын құрайтын гүлдер экспортталған.

Тұтынушы, сен үшін!

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 37-бабының 2-тармағына сәйкес, егер Орындаушының материалдары үшін есеп айырысудың өзге тәртібі тараптардың келісімінде көзделмесе, Орындаушының материалын тұтынушы шарт жасасу кезінде толық немесе шартта көрсетілген мөлшерде, Орындаушы орындаған жұмысты тұтынушы алған кезде түпкілікті есеп айырысумен төлейді.

Шартта көзделген жағдайларда материалды Орындаушы кредитке бере алады. Несиеге берілген материал құнының кейіннен өзгеруі қайта есептеуге әкеп соқпайды.

ЕГЕР КӨПҚАБАТТЫҢҮЙДЕ ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ҮНЕМІ ЕСКЕРТУСІЗ АҚПАРАТТЫ КЕТЕТІН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?



Біріншіден, электрмен жабдықтаушы ұйымға электр қуатын ақырату себептерін анықтау туралы өтінішпен жүгіну қажет.

Егер электр энергиясын ақырату энергиямен жабдықтаушы ұйымның кінәсінен болса, Сіз залал шеккен жағдайда, ҚР Азаматтық кодексінің 491-бабының 1-тармағына сәйкес залалдарды өтеу туралы шағыммен жүгінуге құқылысыз.

САПАСЫЗ ТАУАРҮШІН АҚШАНЫ ҚАЙТАРУҒА БОЛА МА?



Тұтынушы А. 30 400 теңге мөлшеріндегі соманы төлеп, суды био тазарту сүзгісін сатып алды. Бір ай жұмыс істегеннен кейін ол істен шықты. Сүзгіні ауыстырудан бас тартылды, бұл жұмыс істемейтін түркі болды, дегенмен сатушының пайдалану жөніндегі нұсқаулығы берілмеді. Тұтынушы А. сапасыз тауар үшін төленген ақшаны қайтара ала ма?

Сүзгіні ауыстырудан бас тарту келесі негіздер бойынша заңсыз және негізсіз болып табылады. “Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы” ҚР

ОРЫНДАУШЫНЫҢ МАТЕРИАЛЫ ҚАЛАЙ Т ЛЕНЕДІ?

Заңының 13-бабына сәйкес тұтынушы сапалы тауар сатып алуға құқылы. “Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы” ҚР Заңының 15 және 17-бабына сәйкес, егер кепілдік мерзімі ішінде тұтынушы тауардың тиісті емес сапасын анықтаса, ол өз таңдауы бойынша бағаны мөлшерлес төмендетуді немесе тауардың кемшіліктерін өтеусіз жоюды не тиісті сападағы тауарға ауыстыруды немесе келтірілген залалдарды өтей отырып, шартты бұзуды талап етуге құқылы.

Бұдан басқа, “тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы” ҚР Заңының 25-бабында сатушы (дайындаушы, Орындаушы) тұтынушыға өзін қызықтыратын өнімнің бағасы, тұтынушылық қасиеттері, оны сатып алудың заңды тәсілдері немесе жергілікті жерлерде қабылданған оны бөлу нысандары, кепілдік міндеттемелері, сондай-ақ өнімді пайдалану қағидалары, оны пайдалану тәсілдері туралы қажетті және шынайы ақпаратты беруге міндетті екендігі айтылады. сақтау”.

Ақпарат міндетті түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде берілуі керек, өйткені сатушы сізге сатып алынған сүзгі өнімі туралы мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ешқандай ақпарат бермеді, ол тұтынушының пайдалану ережелерін бұзуы мүмкін екендігіне сілтеме жасай алмайды, өйткені ол тіпті онымен таныс емес еді.

Тұтынушы жоғарыда аталған заңға сәйкес сатып алынатын өнімнің қасиеттері мен сипаттамалары туралы арнайы білімге ие болмағандықтан, сондықтан “тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы” ҚР Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес сатушы сатып алушыға тауар туралы өзіне қызықтыратын барлық ақпаратты беруге міндетті. Бұл жағдайда бұл аннотация (немесе нұсқаулық) Қазақ және орыс тілдерінде болуы тиіс. Қазақстандағы кез келген импорттық тауар оны қолдану жөніндегі нұсқаулықпен қазақ және орыс тілдерінде сатылуы тиіс.

САТУШЫ ӨНІМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУГЕ МІНДЕТТІ МЕ?

Нарықта бетке арналған крем сатып алынды, алайда қазақ немесе орыс тілдерінде қолдану тәсілі бойынша Аннотация жоқ. Бұл кремді басқа фирманың креміне айырбастауға бола ма, бірақ аннотациямен?

Бұл жағдайда тұтынушы айырбастауға құқылы. “Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы” Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес сатушы сатып алушыға тауар туралы өзіне қызықтыратын барлық ақпаратты беруге міндетті. Бұл жағдайда бұл аннотация (немесе нұсқаулық) Қазақ және орыс тілдерінде болуы тиіс. Қазақстандағы кез келген импорттық тауар оны қолдану жөніндегі нұсқаулықпен қазақ және орыс тілдерінде сатылуы тиіс.

Егер тауармен бірге ол болмаса, онда тұтынушы бұл тауарды басқа тауарға ауыстыруға немесе тауарды қайтарып алуға және ақшасын алуға құқылы.

САПАСЫЗ ТАУАРДЫ САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕП ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Тұтынушы с. зергерлік дүкенде 110 000 теңге мөлшеріндегі соманы төлеп, Гауһар сақинаны сатып алды. Бір аптадан кейін мен сақинадағы гауһар тастың жоқ екенін білдім (жіберілгеннен құлап кеткен сияқты). Сол күні ол дүкенге өтінішпен келіп, төленген соманы қайтаруды немесе сақинаны ауыстыруды талап етті. Сақинаны дүкен қызметкерлері өңдіріші зауыттың жоғары басшылығының қарауына алды. Үш күннен кейін сақина тұтынушыға қайтарылды және ақшаны қайтарудан бас тартылды. з құқықтарыңызды қалай қорғауға болады?

Бұл жағдайда қолданыстағы заңнамада көзделген тұтынушылардың құқықтары бұзылды. “Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы” ҚР Заңының 13-бабының 1-тармағына сәйкес тұтынушы сатып алынатын тауардың тиісті сапасына құқылы. Сапасыз тауар сатып алынған жағдайда тұтынушы Азаматтық Кодекстің 428-бабының 1-тармағына және 455-бабының 1-тармағына сәйкес өз таңдауы бойынша сатып алу бағасын мөлшерлес азайтуды немесе кемшіліктерді өтеусіз жоюды не тиісті сападағы тауарға ауыстыруды немесе шартты бұзуды және айналма жол үшін төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

САПАСЫЗ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕП САТУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ



“Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы” ҚР Заңының 31-бабының 1-тармағына сәйкес сатушы (дайындаушы, Орындаушы) тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сындыртып, рецептуралық немесе өзге де кемшіліктері салдарынан не тауар туралы толық емес, анық емес немесе уақытлы ақпараттың болмауы салдарынан келтірілген зиянды толық көлемде өтеуге міндетті сондай-ақ талап берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде тұтынушыға зиянды өтеу туралы жауап беруге және тұтынушының талаптарын қанағаттандыру үшін тиісті шаралар қолдануға тиіс.

жемістерді тұтыныңыз;

- Дене шынықтыру және спортпен шұғылданыңыз, бос уақытыңызды ауада өткізіңіз;

- Күн тәртібін сақтаңыз, ұйқы мен демалуды назар аударыңыз;

- Шылым шегуге, алкоголь мен есірткіні қолдануға қатыспаңыз.

Егер сіз өзіңізді туберкулезден қорғағыңыз келсе, жыл сайынғы кәсіби тексерулер мен флюорографиялық тексерулер өтіңіз.

Гүлсім АБСАТАРОВА,
ТО ОФО 4 терапия
аға медикесі

ТУБЕРКУЛЕЗДІ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Туберкулезді ерте анықтау үшін жыл сайын тұрғылықты жері бойынша флюорографиялық тексеруден өту маңызды, ал төуекел тобындағы балалар мен жасөспірімдерге туберкулезбен инфекцияны (инфекцияны) немесе ауруды ерте анықтауға көмектесетін және қажетті шараларды уақтылы қабылдауға мүмкіндік беретін туберкулин Манту сынағы жүргізіледі.

Егер сіз туберкулез белгілерінің бірін тапсаңыз?

Учаскелік терапевтпен немесе жалпы тәжірибе дәрігерімен кеңесу керек.

сізді туберкулезден қалай қорғауға болады?

- Жеке гигиена ережелерін сақтаңыз, өсіресе қоғамдық орындарға барғанда және қолыңызды үнемі қауіпсіз сумен жуу немесе құрамында алкоголь бар бір реттік майлықтарды қолдану арқылы көптеген адамдармен байланысыңыз;

- Манту жаңа туған нәрестелерді міндетті түрде вак-

цинациялауды (қарсы көрсетілмдер болмаған жағдайда), Манту сынағасын жүргізуді және химиопрофилактикалық емдеуді ұстаныңыз);

- Үйіңізді таза ұстаңыз, онда туберкулездің алдын алу үшін ғана емес, сонымен қатар көптеген басқа қауіпті аурулардың алдын алу үшін үнемі ылғалды тазалау қажет;

- Дұрыс тамақтаныңыз-ет және сүт өнімдерін, балықты, көбірек көкөністер мен



Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Мухаметзяновой Светланы Советовны, умершей 13.07.1997г. Наследникам обратиться к нотариусу Кемеловой А.С. г.Шымкент ул.Рыскулбекова 5/5 тел.8-701-716-27-81.

*** Открылось наследство после смерти гр.Мугалбекова Чиназбек У а ж б е к о в и ч а, у м е р ш е г о 18.01.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Жолдасбековой Г.С. г.Шымкент ул.Дулати 2 тел.55-12-88.

*** Открылось наследство после смерти гр.Айтбаева Кенжетбек Тагайбековича, умершего 19.09.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул.Маделі кожа 1 г. тел.8-771-383-43-47.

*** Открылось наследство после смерти гр. Юлдашева Мавлан Мирзаевича, умершего 13.12.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Тайтеевой К.Ш. г.Шымкент тамерлановское шоссе 6-2 тел.8-701-738-26-67.

*** Открылось наследство после смерти гр. Каражановой Орын, умершей 17.08.2021г. Наследникам обратиться к нотариусу Бурибаевой А.М. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 1 А. тел.8-707-72082-87.

*** Открылось наследство после смерти гр. Юрковской Натальи Николаевны, умершей 12.09.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Дүйсембековой Ф.А. г.Шымкент ул. Елшибек батыра 88 тел.8-702-146-22-74.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кривоналовой Марии Геннадьевны, умершей 11.11.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Тайтеевой К.Ш. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 6-2 тел.8-701-738-26-67.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кыя Төлебай Төлепбергүлү, умершего 29.02.02024г. Наследникам обратиться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Түлеметова 35 тел.8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Касымова Алаудин Акимжановича, умершего 13.12.2023г.

Наследникам обратиться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул.Маделі кожа 1 Г. тел.8-771-383-43-47.

*** Открылось наследство после смерти гр.Мирзакелиева Амангелди Адирбековича, умершего 24.11.2023 г. Наследникам обратиться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел.8-777-686-66-13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Громовой Людмилы Григорьевны, умершей 21.09.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Кожековой А.Р. г.Шымкент мкр.Север ул. Рыскулова 45.тел.8-778-106-45-49.

*** Открылось наследство после смерти гр. Камалходжаева Аман Насыровича, умершего 07.12.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Сулейменовой А. О. г.Шымкент ул. Капал батыра 4 тел.8-701-685-85-85.

*** Открылось наследство после смерти гр. Матвеева Владимир Львовича, умершего 24.01.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул.Уалиханово 219-41. тел.8-777-887-47-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Джахангировой Малики Усеновны, умершей 19.08.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Сулейменовой А.О. г.Шымкент ул.Капал батыра 4 тел.8-701-685-85-85.

*** Открылось наследство после смерти гр. Еспулатова Кулбой Баратовича, умершего 31.01.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Бирихановой Ж.Ж. г.Шымкент ул.Маделі кожа 35/1-5 тел.8-702-241-92-14.

*** Открылось наследство после смерти гр. Куланова Нуркабай Алимбекулы, умершего 23.02.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Сулейменовой А.О. г.Шымкент ул. Капал батыра 4 тел.8-701-685-85-85.

*** Открылось наследство после смерти гр.Сулейменова Миркаса Альменовича, умершего 01.10.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Бейсенбаевой Р.У. г.Шымкент ул.Аскарова 3 тел.8-777-094-27-44.

*** Открылось наследство после смерти гр. Капабаева Бейбитбай

Абзалбековича, умершего 22.01.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Досмуратовой М.К. г.Шымкент ул.Алимбетова 1 тел.8-778-224-19-86.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абдижалиловой хафизы Абдижалиловны, умершей 30.09.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Ескерову Т. г.Шымкент ул.Абая 11 тел.8-701-505-83-98.

*** Открылось наследство после смерти гр.Уристебекова Жанузак Илтиновича, умершего 30.12.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Алимову Е.Р. Туркестан обл. с.Рыскулова ул.Жантурова 22 тел.8-701-164-16-40.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сауровой Кульнары, умершей 04.11.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Жолдасбековой Г.С. г.Шымкент ул.Дулати 2.

*** Открылось наследство после смерти гр.Ибадуллаева Куандыка Тасхожаулы, умершего 31.12.2023 г. Наследникам обратиться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Түлеметова 35. тел.8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Акмахановой Улбалы, умершей 18.03.2020г. Наследникам обратиться к нотариусу Альчикиной Ж.С. г.Шымкент ул.Маделі кожа 1 Г. тел.8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр.Мытник Любовь Филипповны, умершей 27.07.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Мамыковой Н.Т. г.Шымкент ул.Кабанбай батыра 18/4 тел.8-702-996-27-79.

*** Открылось наследство после смерти гр.Рысдаулетова Ерсайына, умершего 27.10.2022г. Наследникам обратиться к нотариусу Альчикиной Ж.С. г.Шымкент ул.Маделі кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

